

Петропавл темір жол көлігі техникумы мен Семей өзен флоты техникумының бағыныстылығы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 10 қыркүйек 1993 ж. N 860

Темір жол көлігі мен өзен флотына кадрлар даярлайтын арнаулы орта оқу орындарын басқаруды жетілдіре түсу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен Көлік министрлігінің Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Солтүстік Қазақстан және Семей облыстарының әкімдерімен келісілген Петропавл темір жол көлігі техникумы иен Семей өзен флоты техникумын Білім министрлігінің қарамағынан алып Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің тікелей бағыныстылығына беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде белгіленген тәртіппен Петропавл темір жол көлігі техникумы мен Семей өзен флоты техникумын Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің қарамағына беретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі республиканың Қаржы министрлігімен келісе отырып Семей өзен флоты техникумына 1993 жылдың төртінші тоқсанына бөлінген қаржыны Қазақстан Республикасының Көлік министрлігіне беретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі